

**Түркияның Ыстанбұл қаласындағы  
Түркі халқының «Тюрк Дюньясы»  
20-шы халықаралық балалар фестивалі  
29 мамыр - 7 маусым 2014 ж.**

«Республикалық деңгейдегі мектеп олимпиадаларын, байқаулар, мектептен тыс іс-шаралар өткізу» 010 бюджеттік бағдарлама шеңберінде «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі» ММ және «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК арасындағы 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 16 келісім-шартты орындау мақсатында 2014 жылғы 29 мамыр - 7 маусым аралығында Түркияның Ыстанбұл қаласында өткен Түркі халқының «Тюрк Дюньясы» 20-шы халықаралық балалар фестиваліне (бұдан әрі - Фестиваль) Республикалық балалар өнер фестивалінің (вокал) жеңімпаздары мен республикалық балалар би шығармашылығы фестивалінің жеңімпаздары жіберілді.

Фестивальдің негізгі мақсаты түркі елдері балаларының арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасының делегациясын төмендегі тізімдегі балалар таныстырды:

- 1) Аманбекова Айзере;
- 2) Канафина Дайана;
- 3) Есенбек Салтанат;
- 4) Демальшова Ақбота;
- 5) Омарова Гүлназ;
- 6) Қамбарова Айгерім;
- 7) Жубаева Даяна;
- 8) Казыбаева Меруерт;
- 9) Байсаренова Амина;
- 10) Жарас Әмина;
- 11) Тұрсынәлі Жаншырай;
- 12) Қанағатова Аяулым Мейрамғазықызы – топ жетекшісі, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының әдіскері.
- 13) Бегенова Алия Фаизулловна – топ жетекшісі, Астана қ. Оқушылар сарайының «Тұмар» би ансамблінің жетекшісі.

Делегацияның құрамына Астана және Алматы қалаларынан 11-13 жастағы балалар кірді.

Фестивальдің бағдарламасы:

- Фестивальдің салтанатты ашылуы;
- Фестиваль қатысушыларының Ыстанбұл қаласындағы шеруі;
- би ұжымдарының көрсетілімдері;
- вокалистер сайысы.

Түркі халқының «Тюрк Дюньясы» 20-шы халықаралық балалар фестивалін ашылу салтанаты Bakirköy бостандық алаңында өтті, түркі

елдерінің балалары (Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Солтүстік Кипр, Өзбекстан, Түрікменстан, Түркия, Якутия, Шория, Башқұртстан, Татарстан, Чувашия, Қалмыкия, Қырым, Дағыстан, Балқарлар, Қарашайлар, Шығыс Түркістан, Ауғаныстан, Иран, Ирак, Сирия, Болгария, Гагаузия) ұлттық киімдері мен өз елдерінің байрақтарымен алаңдағы шеруге қатысты.

«Тұмар» би ансамблі Ataköy Sinan Erdem спорт залында өткен би ұжымдары көрсетіліміне қатысып, Түркі халқының «Тюрк Дюньясы» 20-шы халықаралық балалар фестиваліне қатысқандығы туралы дипломдармен марапатталды.

Тұрсынәлі Жаншырай вокалистер сайысына қатысып, барлық қатысушылар арасынан финалға өтіп, Түркі халқының «Тюрк Дюньясы» 20-шы халықаралық балалар фестивалінің ІІІ-ші дәрежелі дипломымен марапатталды.

Фестиваль ТРТ АВАЗ телеканалы арқылы тікелей эфирде таратылды.

Қазақстандық делегация Түркі халқының «Тюрк Дюньясы» 20-шы халықаралық балалар фестивалінде Қазақстан Республикасын жоғары деңгейде көрсетті.